

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес қарызды қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 21 қаңтар N 69

"Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры ғимаратын қайта жаңарту" инвестициялық жобасын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен "Ситибанк Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы берген мемлекеттік емес қарызды өтеуге республикалық бюджеттен қаражатты оқшаулауды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы қаласы әкімі аппаратының күрделі құрылыс кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен "Ситибанк Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы берген мемлекеттік емес қарызды 6750823,35 (алты миллион жеті жүз елу мың сегіз жүз жиырма үш америка доллары отыз бес цент) мөлшеріндегі негізгі борыштың бір бөлігін өтеу мерзімін 2003 жылғы 18 ақпанға дейін ұзарту жолымен қайта құрылымдау туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Алматы қаласының әкімі "Алматы қаласы әкімі аппаратының күрделі құрылыс кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша "Ситибанк Қазақстан" жабық акционерлік қоғамымен бірге қайта құрылымдауды жүргізу үшін қажетті құжаттарды ресімдеуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі